

«ALATAU» АЭА ҚАТЫСУШЫСЫН ТІРКЕУ РӘСІМІ

(«Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес)

МАҢЫЗДЫ:

АЭА қатысушысы болу тек берілген АЭА үшін бекітілген басым қызмет түрлерін (БҚТ) жүзеге асыратын заңды тұлғаға ғана мүмкін.

«Alatau» АЭА-ның БҚТ тізбесі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығымен бекітілген — 1-қосымшаны қараңыз.

1-КЕЗЕҢ. Басқарушы компанияға өтініш білдіру

Өлеуетті инвестор «Alatau» АЭА Басқарушы компаниясына кез келген қолайлы тәсілмен жүгінеді:

- инвесторлармен жұмыс жөніндегі ресми поштаға өтініш білдіру арқылы: invest@alatausez.kz
- телефон арқылы хабарласу: +7 777 440 0303
- Басқарушы компания кеңсесіне жеке келу арқылы: Алматы қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 19, 3Б корпусы, 3-қабат

2-КЕЗЕҢ. Өтініш пен құжаттарды тапсыру

Өтініш беруші Басқарушы компанияға мынадай құжаттар қоса берілген өтінішті ұсынады:

Негізгі құжаттар:

1. Өтініш беруші сауалнамасы (БК нысаны)
2. Заңды тұлғаның жарғысының көшірмесі
3. Заңды тұлғаның АЭА аумағында қызметті жүзеге асыруы туралы жоғарғы органының шешімінің көшірмесі
4. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама
5. Өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
6. Соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің көшірмесі
7. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі (БК талаптарына сәйкес)
8. Банктен ақша қаражатының қозғалысы туралы үзінді көшірме және кредиттік бюродан кредиттік есеп
9. Мемлекеттік кірістер органының берешектің бар/жоқтығы туралы анықтамасы
10. Жобаның қаржылық қамтамасыз етілуін растау
 - Жобаның қаржылық қамтамасыз етілуін растау нысандары (10-тармақ):
 - ақшалай қаражат;
 - банктік кепілдік;
 - кепілгерлік;
 - мүлік кепілі;
 - сақтандыру шарты.
11. Аумақтың эскиздік жобасы (құрылыс болған жағдайда)

Шетелдік заңды тұлғаларға қойылатын қосымша талаптар:

Шетелдік заңды тұлғалар заңдастырылған құжаттарды ұсынады:

- жарғының көшірмесі (2-тармақ);
- мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (4-тармақ);
- бірінші басшының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (5-тармақ);
- шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлғаның мәртебесін растайтын заңдастырылған сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өзге де заңдастырылған құжат.
- ҚР резиденті еместер үшін мемлекеттік кірістер органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелмегені туралы анықтама

Барлық құжаттар қазақ және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен болуы тиіс.

3-КЕЗЕҢ. Өтінішті қарау және шарт жасасу

Мерзімі: өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні.

АЭА Басқарушы компаниясы өтінішті қарау нәтижелері бойынша мынаны қол қояды:

- Қызметті жүзеге асыру туралы шарт — АЭА қатысушылары үшін, немесе
- Бейінге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы шарт — бейінге жатпайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін.

4-КЕЗЕҢ. Бірыңғай үйлестіру орталығында тіркелу

Мерзімі: шарттың көшірмесін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні.

Бірыңғай үйлестіру орталығы:

1. Өтініш беруші туралы мәліметтерді арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізеді;
2. Тұлғаның АЭА қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын Куәлік береді.

Бейінге жатпайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін тиісті тізілімге куәлік берілмей мәліметтер енгізіледі.

5-КЕЗЕҢ. АЭА қатысушысы мәртебесін алу

Куәлікті алғаннан кейін АЭА қатысушысы арнайы экономикалық аймақ аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық жеңілдіктер алуға құқылы.

ТІРКЕУ РӘСІМІНІҢ ЖАЛПЫ МЕРЗІМДЕРІ

Кезең	Мерзімі
Өтінішті қарау және шарт жасасу	10 жұмыс күні
БҮО-да тіркеу және куәлік беру	5 жұмыс күні
БАРЛЫҒЫ	15 жұмыс күні